Әділет

# Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 189 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 15 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5794 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы 196 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3 және 4-тармақтан қараңыз.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Ереженің 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5-тармағының екінші және үшінші абзацтарын, Ереженің 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5-тармағының төртінші абзацын қоспағанда, осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы абзац 01.01.2013 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Ереженің 4-тармағы 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады, Ереженің 2-қосымшасының реттік нөмірі 5-жолының төртінші абзацы, 3-қосымшасы 1-тармағының реттік нөмірі 5-жолының төртінші абзацы, 4-қосымшасының реттік нөмірі 5-жолының төртінші абзацы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Осы Ереженің қолданысы осы Қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін сатып алынған, негізгі борыштың сомасын толық қайтару бойынша эмитенттің кепілдігі белгіленген (principal protected notes) борыштық бағалы қағаздарға таралмайды.

6. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

7. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы
N 189 қаулысымен бекітілді

**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының**

**қызметін жүзеге асыру ережесі**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесі "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң ), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – Ұйым) және жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – Қор) қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.09.21 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баға белгілеу - почта, электрондық немесе факсимильді байланыс арқылы алынған қарсы әріптестердің қаржы құралдары бойынша баға ұсыныстары;

2) қарсы әріптес - Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасау құқығына ие заңды тұлға;

3) меншікті активтерді инвестициялау саясаты - инвестициялау объектілерінің тізбесін, Қордың (Ұйымның) меншікті активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегиясын, талаптары мен шектеулерін, Ұйымның (Қордың) директорлар кеңесі бекіткен меншікті активтерді хеджирлеу мен әртараптандырудың талаптарын айқындайтын құжат;

4) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

5) халықаралық қаржы ұйымы - халықаралық шарт (келісім) не жарғы негізінде құрылған және жұмыс істеп тұрған, халықаралық мәртебесі бар ұйым;

6) хеджирлеу құралдары - хеджирлеу операцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында көрсетілген туынды қаржы құралдары;

7) principal protected notes - негізгі борыштың сомасын толық қайтару бойынша эмитенттің кепілдігі белгіленген борыштық бағалы қағаздар.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы Ереженің мақсатында "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағасынан басқа уәкілетті органмен, сонымен қатар "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың рейтингтік еншілес ұйымдарының бағалары танылады (бұдан әрі - басқа рейтинг агенттіктері).

Эмитентте және (немесе) қаржы құралында халықаралық және (немесе) ұлттық шәкіл бойынша бірнеше рейтингтік баға бар болғанда, есепке уәкілетті орган таныған рейтингтік агенттіктердің бірінің халықаралық және (немесе) ұлттық шәкілі бойынша барынша жоғарғы рейтингтік бағасы есепке алынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-1. Қордың акциялары қор биржасы ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші (ең жоғарғы), екінші (ең жоғарғы) немесе үшінші (ең жоғарғы санатынан кейінгі) санатына енгізіледі.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.13 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысы.

## 2-тарау. Инвестициялардың объектілері

4. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 189 (2012.01.01 дейін қолданыста болады) Қаулысымен.

5. Ұйым инвестициялық басқаруындағы жеке әр Қордың зейнетақы активтерін мыналарда көрсетілген қаржы құралдарына орналастырады:

осы Ереженің 2-қосымшасында – консерватиктік инвестициялық портфельге қатысты;

осы Ереженің 3-қосымшасында – орташа инвестициялық портфельге қатысты ;

Қолданушылар назарына!

Осы абзац 2015.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі.

осы Ереженің 4-қосымшасында – агрессивті инвестициялық портфельге қатысты.

Зейнетақы активтері есебінен осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында көрсетілген қаржы құралдарына инвестициялардың мөлшері, сондай-ақ инвестициялық портфельдің әр бір түрі үшін инвестициялардың жиынтық мөлшері әр инвестициялық портфель бойынша Қордың инвестициялық декларацияларында белгіленеді.

6. "Кері Репо" операцияларының мәні болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жалпы мөлшері:

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап әрбір жеке жинақтаушы қорының зейнетақы активтерінің жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем еместі;

2011 жылғы 1 сәуірден бастап әрбір жеке зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жалпы мөлшерінің жиырма пайызынан кем еместі құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 N 105 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

6-1. Қор меншікті активтер есебінен мынадай мүлікті сатып алады немесе сатады:

1) осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында айқындалған, зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесінде көрсетілген мүлікті;

2) Қордың өз мұқтажы және Қордың зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті орындауы үшін пайдаланылатын мүлкін;

3) Қордың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының он пайызынан аспайтын мөлшеріндегі осы заңды тұлғалардың акцияларын және олардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін;

4) бір немесе бірнеше Қор өз қызметін үйлестіру, ортақ мүдделерін қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және ортақ міндеттерді шешу үшін құрған заңды тұлғалардың акцияларын және олардың жарғылық капиталдарында қатысу үлестерін. Осы тармақшада көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін құрылған қауымдастықтарға және (немесе) одақтарға Қордың меншікті активтері есебінен мүшелік жарналар төлеуге жол беріледі;

5) "Акционерлік қоғамдар туарлы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң) 26 және 27-баптарымен белгіленген жағдайларда Қордың акциялары;

6) сауда-саттықты ұйымдастырушының акциялары.

Ескерту. 6-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 № 23 (2014.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 N 105 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 3-тарау. Инвестициялау талаптары мен тәртібі

8. Қорда зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті, сондай-ақ клиенттер шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін берілген лицензиясы бар болған жағдайда, Қор тек өзінің басқаруында болған зейнетақы активтеріне және меншікті активтеріне қатысты брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті көрсетеді.

9. Ұйымда инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін берілген лицензиясы бар болған жағдайда, Ұйым тек қызмет көрсететін Қордың меншікті активтеріне қатысты ғана инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Ұйымда клиенттер шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін берілген лицензиясы бар болған жағдайда, Ұйым тек өзінің басқаруында болған Қордың зейнетақы және меншікті активтеріне қатысты брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті көрсетеді.

10. Ұйым тек ғана Қор зейнетақы активтері инвестициялық басқаруға алынған Қордың салымшыларының мүддесіне қызмет етеді.

11. Ұйым зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырғанда зейнетақы активтері инвестициялық басқаруға қабылданған Қордың инвестициялық декларацияларына сәйкес қызмет етеді.

12. Ұйым және Қор өзінің қызметін Ұйым (Қор) үшін Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 12-бабының 14-2-тармағында 13-бабының 4-2) тармағында белгіленген тәуекелдерді басқару жүйесі бар болуы жөніндегі талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

13. Ұйым зейнетақы активтері есебінен жасайтын мәмілелерді зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес инвестициялық шешімдерді қабылдауға уәкілетті Ұйымның алқалы органы қабылдаған инвестициялық шешім негізінде жасайды.

14. Ұйымның (Қордың) меншікті активтері есебінен жасалатын мәмілелер Ұйымның (Қордың) меншікті активтерін инвестициялау саясатына сәйкес инвестициялық шешімдерді қабылдауға уәкілетті Ұйымның (Қордың) алқалы органы қабылдаған инвестициялық шешім негізінде жасалады.

15. Ұйымның (Қордың) зейнетақы және меншікті активтері есебінен бастапқы ұйымдаспаған нарықтағы мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелерді (оларды орналастыру кезінде) Ұйым (Қор) дербес жасайды.

16. Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері мен меншікті активтері есебінен қайталама нарықта жасалатын мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік

емес бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды қаржы құралдармен мәмілелер Ұйым (Қор) тек қор биржасында жасайды, мына жағдайларды:

1) эмитент инвестициялық портфеліндегі облигацияларды акцияларға айырбастауын;

2) басымдығы бар сатып алуға құқықты жүзеге асыруды;

3) Акционерлік қоғамдар туралы заңның 27-бабына сәйкес эмитенттің инвестициялық портфеліндегі бар акциялары үшін төлем талап етуін;

4) қор биржасымен делистингке ұшыраған бағалы қағаздарды сатуды;

5) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің басқа бағалы қағаздарына эмитенттің бағалы қағаздарын айырбастауды;

6) мәмле жасаған кезде қор биржасы ол бойынша сауда-саттықты ашпаған бағалы қағаздарды сатуды;

7) эмитенттің меншікті бағалы қағаздарын сатып алуын жүзеге асыруды;

8) Қазақстан Республикасының резиденттері – эмитенттер және Қазақстан Республикасының резиденттері емес – эмитенттер шығарған (берген), ереженің белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарығында саудаланатын қаржы құралдарын сатып алу-сату бойынша халықаралық (шетелдік) нарықтағы мәмілелерді жасасуды;

9) осы Ереженің 17, 27, 28 және 29-тармақтарында көзделген талаптарды ескеріп жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасауды;

10) Ұйымның және (немесе) Қордың меншікті бағалы қағаздарын сатып алуды жүзеге асыруын қоспағанда.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 № 23 (2014.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері және меншікті активтері есебінен халықаралық (шетелдік) нарықтағы мәмілелер мына талаптарды сақтағанда, жасалады:

1) акцияларды (депозитарлық қолхаттарды) сатып алу бойынша мәмілелер Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдама жүйелерінде берілген ақпаратқа сәйкес осы қаржы құралы айналыста болатын халықаралық (шетелдік) қор биржасында мәмілелерді жасау күнінде қалыптасқан осы қаржы құралы бойынша бағаның барынша жоғарғы мәнінен аспайтын баға бойынша жасалады;

2) акцияларды (депозитарлық қолхаттарды) сату бойынша мәмілелер Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдама жүйелерінде берілген ақпаратқа сәйкес осы қаржы құралдары айналыста болатын халықаралық (шетелдік) қор биржасында мәмілелерді жасау күнінде қалыптасқан осы қаржы құралы бойынша бағаның барынша төмен мәнінен аспайтын баға бойынша жасалады;

3) principal protected notesti қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар бойынша, сондай-ақ туынды қаржы құралдары бойынша мәмілелер Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдама жүйелерінде сатып алуға және (немесе) сатуға бағамның ашылып жазылуы бар болған не осындай бағамдар жоқ болғанда, түрлі үш қарсы әріптестен кемінде үш бағам бар болған жағдайда. Осы тармақшаның мақсатында қарсы әріптестердің бағамы болып почталық, электрондық немесе факсимильді байланыс арқылы алынған борыштық бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдары бойынша қарсы әріптестердің баға ұсыныстары танылады. Егер қарсы әріптес осы қаржы құралына бағам бермесе, қарсы әріптестің бағамы жоқ болуы не қаржы құралына баға беруден бас тартуы жөніндегі хабарламасы мәмілелерді жасасу туралы есепке енгізіледі;

4) осы мәміле бойынша қарсы әріптес болып "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВВ-"-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық (шетелдік) қаржы ұйымы табылады;

5) туынды қаржы құралдарын қоспағанда, осы қаржы құралдары бойынша жасалған мәмілелер бойынша есептесу бір тараптың қаржы құралды немесе ақшаны жеткізу бойынша міндеттемелерді орындауы басқа тараптың ақшаны немесе қаржы құралын жеткізу бойынша қарсы міндеттемелерді орындамауысыз мүмкін болмайтын "төлемге қарсы жеткізілім" принципі бойынша халықаралық ( шетелдік) есептік-депозитарлық (Euroclear, Clearstream, Depository Trust & Clearing Corporation, Japan Securities Clearing Corporation ұқсас) жүйелер арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Ұйымның (Қордың) зейнетақы және меншікті активтері есебінен principal protected notesti сатып алғанда, есептесу Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында көзделген талаптарды ескеріп, "төлемге қарсы жеткізілім" принципі бойынша жүзеге асырылады.

19. Қор биржасындағы, сондай-ақ осы Ереженің 16-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 10) тармақшаларында, 19-3-тармағында көзделген жағдайлардағы мәмілелерді және Ұйым мен Қордың арасында үлестестік болған кезде Қордың зейнетақы және (немесе) меншікті активтеріне кастодиандық қызмет көрсетудің үш жақты шарттарын қоспағанда, Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері және меншікті активтері есебінен жасалатын мәмілелер мыналармен:

1) Ұйымның (Қордың) үлестес тұлғаларымен;

2) Ұйымның (Қордың) ірі акционерлеріне тиесілі Ұйымның (Қордың) акцияларын сенімгерлік басқарушылармен;

3) Ұйымның (Қордың) ірі қатысушылары шығарған акцияларды және (немесе ) Ұйымның (Қордың) ірі акционерлерінің жарғылық капиталында қатысу үлестерін сенімгерлік басқарушылармен;

4) Ереженің осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғаларымен жасалмайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 № 23 (2014.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19-1 Ұйым (Қор) зейнетақы және (немесе) меншікті активтері есебінен үлестес тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу үлестерін, параметрлері қор биржасы акциялары нарығы индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының тізіміне (қор биржасының өкілдік тізіміне) кіретін акцияларды не осындай акциялар базалық актив болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоспағанда, үлестес тұлғалар шығарған акцияларды не осындай акциялар базалық актив болып табылатын депозитарлық қолхаттарды сатып алмайды.

Ескерту. 19-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.13 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысы.

19-2. Ұйым (Қор) зейнетақы активтері есебінен осы Ереженің 19-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) және осы Ереженің 3-қосымшасының 2-тармағында айқындалған тізбеге кіретін қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәмілелер жасамайды.

Ескерту. 19-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Ұйым (Қор) зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты емес шарттар жасаған жағдайда меншікті активтер есебінен үлестес тұлғалармен мынадай:

1) негізгі қызметті жүзеге асыру мақсатында нарықтық құны бойынша жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату:

2) өз мұқтажы үшін үйлер мен үй-жайларды жалдау;

3) мүлікті өтеусіз пайдалану;

4) байланыс қызметтерін көрсету туралы;

5) Ұйымның не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қордың қызметкерлерін оқыту қызметтерін көрсету туралы;

6) қаржы консультанты, маркет-мейкер, андеррайтер қызметтерін көрсету туралы;

7) заңды және жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу мен жүргізуге, аударым операцияларына, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды

инкассациялауға байланысты банктік қызмет көрсету мәмлелерін, банктің жалақы жобасы шеңберіндегі шарттарды, салымшыларға (алушыларға) зейнетақы төлемдерін төлеуге қызмет көрсету, салымшылардың (алушылардың) банк шоттарына зейнетақы төлемдерін аудару және есепке жазу үшін комиссиялық сыйақы төлеу шарттарын, сондай-ақ банктік қызмет көрсетудің жоғарыда көрсетілген түрлерін көрсетуге байланысты қосымша қызметтер көрсету туралы шарттарды;

8) міндетті, ерікті, ерікті кәсіби жарналар есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы (Қор зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асырған жағдайда);

9) Ұйымның не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қордың қызметкерлерін жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру;

10) Ұйымның не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қордың қызметкерлерін ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру;

11) Ұйымға не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қорға меншік құқығы не пайдалану құқығы негізінде тиесілі автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

12) өз мұқтажы үшін сатып алынған мүлікті ерікті сақтандыру;

13) брокерлік қызметтерді, номиналды ұстау қызметтерін көрсету;

14) шарттардың қолданылу мерзімдерін өзгертуді қоспағанда, Ұйым не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қор үшін бұрын жасалған мәмілелердің талаптарын жақсартатын бұрын жасалған шарттарды өзгерту туралы;

15) бұрын жасалған шарттарды бұзу туралы;

16) зейнетақы активтері Ұйымның басқаруындағы Қордың меншікті активтерін инвестициялық басқару туралы мәмілелерді жасайды;

17) Акционерлік қоғамдар туарлы заңның 26 және 27-баптарымен белгіленген жағдайларда Ұйымның (Қордың) акцияларды сатып алу;

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын және жылжымалы мүліктің нарықтық құны мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушының есебі негізінде айқындалады. Біреуінің құны республикалық бюджет туралы занда тиісті жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аз болатын жылжымалы мүлікті сатып алу-сату кезінде мүлікті бағалау (зияткерлік

меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушының есебін беру талап етілмейді.

Ескерту. 19-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.09.21 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 № 23 (2014.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Ұйым (Қор) зейнетақы және (немесе) меншікті активтері есебінен бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шешімді мына:

1) эмитенттің дефолты (эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің бағалы қағаздарына эмитенттің бағалы қағаздарын және өзге міндеттемелерін айырбастауды қоспағанда);

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің "буферлік санат" санатына аударым жасаған;

3) қор биржасы осы бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұрған күннен бастап қабылдамайды.

21. Мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру кезінде сатып алу мәмілелерін қоспағанда, зейнетақы және меншікті активтер қатысуымен қор биржасында жасалған мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.

Зейнетақы және меншікті активтер есебінен жасалатын "кері репо" мәмілелері күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге жасалады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары Ұйымның ( Қордың) зейнетақы және меншікті активтер қатысуымен жасайтын "кері репо" операцияларының мәні болып табылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.09.21 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Егер қандай да болмасын жағдайлардың нәтижесінде Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары портфелінің құрылымы осы Ережеде, пруденциалдық нормативтерде, инвестициялық декларацияда немесе Ұйымның (Қордың) меншікті активтерін басқару жөніндегі саясатта белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, Ұйым (Қор) осындай сәйкессіздікпен байланысты инвестициялық қызметті дереу тоқтатады және бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органда іс-шаралардың атауы, олардың

орындалуына жауапты Ұйымның (Қордың) басшы қызметкерлері және орындалу мерзімдері көрсетілген сәйкессіздікті жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, осы сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы хабарлайды.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын бес жұмыс күні ішінде қарайды. Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда Ұйым (Қор) оны іске асыруға кіріседі және іс-шаралар жоспарында белгіленген іс-шаралардың орындалу мерзімдері өткен соң бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға іс-шаралардың орындалғаны туралы есептерді ұсынады. Іс-шаралар жоспарына уәкілетті органның ескертулерін алған жағдайда, Ұйым (Қор) уәкілетті органның іс-шаралар жоспарын қарау нәтижелері туралы хатын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға түзетілген іс-шаралар жоспарын ұсынады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 № 23 (2014.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Қордың зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктегі салымға орналастыру мерзімі отыз алты айдан аспауы тиіс. Салымның сомасы мен ол бойынша сыйақының сомасы қордың инвестициялық шоттарына банк салым шартының мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен кешіктірмей есепке алынады.

24. Зейнетақы активтерін инвестициялауға арналған жинақтаушы зейнетақы қорының ақша қалдығының ең көп мөлшері, жинақтаушы зейнетақы қорының жиынтық ақшасын қосқанда: кастодиан банктегі инвестициялық шоттарындағы; халықаралық (шетелдік) кастодиандарындағы осы Қордың кастодианының корреспонденттік шоттарындағы; халықаралық (шетелдік) депозитарлық-есеп айырысу жүйелерінің қатысушылары - халықаралық (шетелдік) ұйымдардағы кастодианның шоттарындағылар зейнетақы активтері инвестициялық басқаруындағы Қордың әрқайсысы бойынша жеке зейнетақы активтерінің мөлшерінің үш пайызынан аспайды.

Қордың кастодиандағы инвестициялық шоттарына, халықаралық (шетелдік) кастодиандардағы осы Қордың кастодианының корреспонденттік шотына және халықаралық (шетелдік) депозитарлық-есеп айырысу жүйелерінің қатысушылары - халықаралық (шетелдік) ұйымдардағы кастодианның шоттарына келіп түсетін зейнетақы активтері ұлттық валютаға қатысты он жұмыс күні ішінде, шетел валютасына қатысты отыз күнтізбелік күн ішінде ағымдағы аударымдарды шегергенде, Ұйымның толық көлемде инвестициялауына жатады.

Ұйым (Қор) зейнетақы активтерін инвестициялау мақсатында, Қордың инвестициялық шотындағы ақша қалдықтарын "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "АА"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа

рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес банктегі Қордың инвестициялық шотына отыз күнтізбелік күннен астам емес мерзімге орналастырады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі аукционға қатысу мақсатында, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген зейнетақы активтерін инвестициялауға арналған Қордың ақша қалдығының барынша жоғарғы мөлшерінен үш жұмыс күні ішінде зейнетақы активтері инвестициялық басқаруда болатын әр жеке Қор бойынша зейнетақы активтерінің мөлшерінен бес пайыздан аспайтын мөлшерге дейін асыруға жол беріледі.

25. Ұйым (Қор) бірдей ұлттық сәйкестендіру нөмірі не халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN) бар бағалы қағаздарды Ұйымның инвестициялық басқаруындағы меншікті активтері есебінен сатып алу (сату) туралы және ( немесе) зейнетақы активтері есебінен сатып алу (сату) туралы инвестициялық шешімді бір күнде қабылдай алмайды.

26. Егер бағалы қағаз осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында талаптарына сәйкес келмесе, Ұйым осындай бағалы қағаздарды жоғарыда аталған жағдайлар басталған күннен бастап бір жыл ішінде сатады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Ұйым зейнетақы активтері есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді хеджирлеу мақсатында тек осы қаржы құралдарының базалық активі зейнетақы активтерінің құрамына кірсе және осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларының талаптарына сәйкес келсе ғана жасайды.

Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер хеджирлеу мақсатында тек базалық актив Ұйымның ( Қордың) меншікті активінің құрамына кірген жағдайда ғана жасалады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Ұйым (Қор) Қазақстан Республикасы бағалы қағаздарының ұйымдастырылмаған нарығында своп, опцион мен форвард мәмілелерін жасаған кезде аталған мәміле бойынша түрлі үш қарсы әріптестен үштен кем емес бағамдар бар болғанда қарсы әріптес "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының қаржы ұйымы болып табылады

29. Хеджирлеу операцияларын, сондай-ақ ол бойынша кірісті және шығынды Ұйымның (Қордың) қаржылық есеп беруінде есепке алу және көрсету қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

## 4-тарау. Зейнетақы активтерін беру

30. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару шартын (бұдан әрі - шарт) бұзуға ниеті бар Ұйым Қорға шартты бұзу туралы бұзу белгіленген күнге дейінгі жиырма күнтізбелік күн бұрын нақты бұзу күнін көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлайды.

31. Бұзу туралы хабарламада көрсетілген немесе шарттың талаптарына сәйкес айқындалған зейнетақы активтерін инвестициялық басқару шартын бұзу күніне дейін он жұмыс күнінен кем емес уақытта шартты бұзудың бастамашысы - заңды тұлғаның бірінші басшысы бұйрығының негізінде келісу комиссиясы құрылады.

32. Келісу комиссиясы зейнетақы активтерін инвестициялық басқару шарты бұзылатын және Қордың зейнетақы активтерін басқа Ұйымға (бұдан әрі - өткізіп беруші ұйым) инвестициялық басқаруға беретін Қордың, Ұйымның және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт жасалатын Ұйымның ( бұдан әрі - қабылдаушы ұйым) уәкілетті өкілдерінен тұрады.

33. Келісу комиссиясы:

1) шартты бұзу күніндегі жағдай бойынша зейнетақы активтерін түгендеуді жүзеге асырады;

2) осы Ереженің 34-тармағында көрсетілген құжаттарды өткізіп беруші ұйымнан қабылдаушы ұйымға беру тәсілдерін және мерзімдерін айқындайды;

3) өткізіп беруші ұйымнан қабылдаушы ұйымға зейнетақы активтерін беру тәсілдерін және мерзімдерін айқындайды.

34. Келісу комиссиясының жұмысы барысында өткізіп беруші ұйым қабылдаушы ұйымға Қордың зейнетақы активтерін өткізіп беруші ұйымның инвестициялық басқаруының барлық кезеңінде мына құжаттарды береді:

1) өткізіп беруші ұйымның бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) ұйымдарға зейнетақы активтері есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға берген тапсырмаларының көшірмелерін;

2) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) ұйымдардың өткізіп беруші ұйымның зейнетақы активтерінің есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға берген тапсырмаларының орындалуы туралы есептерінің көшірмелерін;

3) өткізіп беруші ұйым зейнетақы активтерінің есебінен бағалы қағаздармен дербес түрде мәмілелер жасаған кезде - осындай мәмілелердің жасалғандығын растайтын құжаттардың көшірмелерін;

4) Қордың кастодианы оның инвестициялық шотынан берген үзінді-көшірмелердің көшірмелері;

5) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" Акционерлік Қоғамның орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі кастодианның жеке шотының аясында ашылған Қордың қосалқы шотынан берген үзінді-көшірмелердің көшірмелерін;

6) зейнетақы активтерін өткізіп беру күніне қолданылып жүрген, зейнетақы активтерінің есебінен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктермен жасасқан (сатып алынған) банк салымы шарттарының (екінші деңгейдегі банктердің депозиттік сертификаттарының) түпнұсқаларын;

7) зейнетақы активтерін өткізіп беру күніне мерзімдері өтіп кеткен зейнетақы активтерінің есебінен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктермен жасасқан банк салымы шарттарының көшірмелерін;

8) шартты бұзу күнінің алдындағы айлардағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтамалардың уәкілетті органға ұсынылған көшірмелерін;

9) өткізіп беруші ұйымның зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруына қатысты өзге де құжаттарды (келісу комиссиясы мүшелерінің келісімдері бойынша).

35. Келісу комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша мынадай мәліметтері бар зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актісі ресімделеді:

1) Қордың, өткізіп беруші ұйымның, қабылдаушы ұйымның және Қор кастодианының толық атауы (аталған ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктеріне сәйкес);

2) Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның тіркелген ( мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктеріне сәйкес) және нақты орналасқан жері;

3) Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның банктік деректемелері;

4) тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға Қорға, өткізіп беруші ұйымға және қабылдаушы ұйымға берілген лицензияның нөмірі және берілген күні;

5) Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның бірінші басшысының және бас бухгалтерінің фамилиясы, аты, бар болса әкесінің аты;

6) зейнетақы активтерінің есебінен жасалған инвестициялардың ағымдағы құн (есептелген кірісті қоса) бойынша жиынтық мөлшері;

7) Қордың инвестициялық шотынан оның шотына жүргізілген зейнетақы төлемдері аударымдарының сомасы (инвестициялық шотқа қайта келіп түскен ақшаны есепке ала отырып);

8) инвестициялық шоттардағы ұлттық және шетелдік валютамен көрсетілген ақша қалдығы;

9) ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін, санын (данамен), сатып алу бағасын, бір бағалы қағаз бойынша есептелген кірісті, бір бағалы қағаздың ағымдағы құнын, бағалы қағаздардың жалпы санын, есептелген кірістің жалпы сомасын, бағалы қағаздарға жасалған инвестициялардың ағымдағы құнын, зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған бағалы қағаздарға қатысты өзге де ықтимал мәліметтерін көрсете отырып өткізіп берілетін бағалы қағаздардың тізбесі;

10) депонент банктердің атаулары, салымдардың сомалары, банктік салымы туралы шарт жасасқан күні, салымдар мерзімі, олар бойынша жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемелері, есептелген сыйақы сомалары, алынған сыйақы сомалары, зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған салымдарға қатысты өзге де ықтимал мәліметтері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі өткізіп берілетін салымдардың тізбесі;

11) міндеттемелердің сомалары, оның ішінде қателесіп есепке алынған сомалар, Қордың зейнетақы төлемдері шотына аударуға жататын сома, өзге де кредиторлық берешек сомасы, Қордың және өткізіп беруші ұйымның зейнетақы активтерінің және инвестициялық кірістің есебінен төленуге жататын комиссиялық сыйақы сомасы, өзге ықтимал міндеттемелердің сомасы;

12) өткізіп беруші ұйымның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша барлық кезеңдегі есептелген комиссиялық сыйақысының жалпы сомасы;

13) өткізіп беруші ұйымның Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша барлық кезеңдегі инвестициялық кірістің және зейнетақы активтерінің есебінен төленген және төлеуге жататын жинақтаушы зейнетақы қорының және өткізіп беруші ұйымның комиссиялық сыйақыларының сомалары;

14) шартты бұзу күнінің алдындағы күннің соңына зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеудің нәтижелері;

15) осы Ереженің 34-тармағына сәйкес көлемін көрсете отырып өткізіп берілетін құжаттардың тізбесі;

16) келісу комиссия мүшелерінің анықтауы бойынша өткізіп беруші ұйымнан қабылдаушы ұйымға өткізілетін қордың зейнетақы активтеріне қатысты өзге де ықтимал мәліметтер.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 № 50 ( 2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

36. Келісу комиссиясы өзінің жұмысын шартты бұзу күніне аяқтайды.

37. Зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актісі келісу комиссиясымен шартты бұзу күніне Қор, өткізіп беруші ұйым, қабылдаушы ұйым, Қордың кастодианы, уәкілетті орган үшін бір-бір данадан бес данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, Қордың, өткізіп беруші және қабылдап алушы ұйымның келісу комиссиясы мүшелерінің, бірінші басшының және бас бухгалтердің қолы қойылып және Қордың, өткізіп беруші және қабылдап алушы ұйымның мөр бедерімен расталады.

Зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актісінде Қордың кастодианы осы қабылдау-өткізу актісі деректерінің дұрыстығы туралы, кастодиан банктің бірінші басшысы немесе оның Қорға кастодиандық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бөлімшесі не жетекшілік жасайтын басшы қызметкерінің қолымен және кастодиан банкі мөрінің бедерімен расталған белгісі болуы тиіс.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 № 23 (2014.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актісі ол бекітілген күннен бастап үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 № 23 (2014.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Зейнетақы активтерін қабылдаушы ұйымға инвестициялық басқаруға өткізіп беру күні - зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актінің бекітілген күні болып танылады.

| 10. | Осы тармақтың реттік нөмірі 9-жолында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, мына талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар:<br>1) қор биржасы таныған рейтингтік агенттіктердің бағасы болуы;<br>2) борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы арыз берілген күнге дейінгі екі жыл ішінде жүзеге асырылған;<br>3) борыштық бағалы қағаздардың эмитенті қаржылық есептілікті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards) (бұдан әрі - ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын стандарттарға (International Accepted Accounting Principles) (бұдан әрі - АҚШ ҚЕС) сәйкес жасайды;<br>4) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасы танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүзеге асырады;<br>5) аудиторлық есеппен расталған борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін қор биржасына берілген;<br>6) алынып тасталды<br>7) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>8) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза кірісі соңғы екі жылдың біреуінде аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>9) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның – борыштық бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша сатудың көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысында айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселі мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>10) борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару жүйесі бар болуы;<br>11) осы бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытта борыштық бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы;<br>12) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және/немесе бағалы қағаздарды шығару проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы |
| | Осы тармақтың реттік нөмірлері 9 және 10-жолдарында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, мына талаптарға сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар:<br>1) қор биржасы таныған рейтингтік агенттіктердің бағасы болуы; |

| | |
|---|---|
| 11. | 2) борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы арыз берілген күнге дейінгі бір жылдан кем емес мерзімде жүзеге асырылған;<br>3) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті әзірлейді;<br>4) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасы танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүзеге асырады;<br>5) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қор биржасына соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік берілген;<br>6) алынып тасталды<br>7) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>8) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуінде таза кірістің бар болуы;<br>9) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның – борыштық бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша, аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша соңғы жылдағы сату көлемі айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселі мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>10) борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген копоративтік басқару жүйесі бар болуы;<br>11) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және/немесе бағалы қағаздарды шығару проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы |
| 12. | "Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы инвестициялық пай қорларының пайлары |
| 13. | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкалі бойынша "ВВ-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар не қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, N 77 қаулымен көзделген "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының талаптарына сәйкес келетін жылжымайтын мүлік қорларының акциялары:<br>шығарылған бағалы қағаздар және/немесе басқа міндеттемелер бойынша жылжымайтын мүлік қоры міндеттемелерінің мөлшері жиынтығында жылжымайтын мүлік қорының меншікті капиталының он пайызынан аспайды;<br>жылжымайтын мүлік қорының инвестициялық кірістерінің жетпіс бес пайызынан аспайтынын жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған кіріс құрайды;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтерін құрайтын жылжымайтын мүлік жылжымайтын мүлік қорының басқарушы компаниясынан және оның аффилиирленген тұлғаларынан сатып алынбаған;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтеріне кіретін жылжымайтын мүлікке ауыртпалық салынбаған не ол сенімгерлік басқаруға өткізілген;<br>жалға беру шартымен белгіленген жылжымайтын мүлік қорының активтеріне кіретін жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру мерзімі бір жылдан кем еместі құрауы тиіс;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтерінің құрамына кіретін жылжымайтын мүлік объектілері оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу жөніндегі өтініш берілген күнге дейінгі екі жыл ішінде жалға беріледі |
| 14. | Лондондық қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған тиісті халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондондық сапалы жеткізілім" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар және он екі айдан астам емес мерзіміне металл депозиттері, оның ішінде "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкалі бойынша "АА"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттері |
| | |

| | |
|---|---|
| 15. | "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, мына талаптарға сәйкес келетін principal protected notes:<br>айналыс мерзімі үш жылдан аспайды;<br>principal protected notes шығару талаптарында қандайда бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайлары көзделмеген;<br>principal protected notes шығару талаптарында қандайда бір эмитенттің қаржы құралының құны төмендеген жағдайда, principal protected notes бойынша сыйақыны төлемеу көзделмеген |
| 16. | Базалық активтері болып осы қосымшада көрсетілген акциялар табылатын депозитарлық қолхаттар |
| 17. | Базалық активтері болып зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары, шетел валютасы, мынадай есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер) табылатын фьючерстер, опциондар , своптар, форвардтар:<br>1. MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index)<br>2. DAX (Deutscher Aktienindex)<br>3. CAC 40 (Compagniedes Agentsde Change 40 Index)<br>4. NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index)<br>5. TOPIX (Tokyo Price Index)<br>6. HSI (Hang Seng Index)<br>7. ENXT 100 (Euronext 100)<br>8. RTSI (Russian Trade System Index)<br>9. DJIA (Dow Jones Industrial Average)<br>10. S&P 500 (Standardand & Poor's 500 Index)<br>11. FT-SE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index)<br>12. KASE (Kazahstan Stock Exchange)<br>13. MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) |

2. Мынадай қаржы құралдарына салынатын инвестициялардың жиынтық көлемі орташа инвестициялық портфельдің зейнетақы активтерінің бес пайызынан аспауы тиіс:

| | |
|---|---|
| 1. | N 77 қаулыда көзделген инфрақұрылымдық облигацияларды қоспағанда, эмитенттері "рейтинг бағасы жоқ екінші шағын санатты борыштық бағалы қағаздар" шағын санатының (барынша жоғарғыдан кейінгі) талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар |
| 2. | Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, N 77 қаулыда көзделген "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының талаптарына сәйкес келетін аралық инвестициялық пай қорларының пайлары |
| 3. | Базалық активтері болып "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВ-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар қаржы құралдар табылатын, фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар |
| | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВ-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар не қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, N 77 қаулымен көзделген "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының талаптарына сәйкес келетін жылжымайтын мүлік қорларының акциялары: |

| | |
|---|---|
| 4. | шығарылған бағалы қағаздар және/немесе басқа міндеттемелер бойынша жылжымайтын мүлік қоры міндеттемелерінің мөлшері жиынтығында жылжымайтын мүлік қорының меншікті капиталының он пайызынан аспайды;<br>жылжымайтын мүлік қорының инвестициялық кірістерінің жетпіс бес пайызынан аспайтынын жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған кіріс құрайды;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтерін құрайтын жылжымайтын мүлік жылжымайтын мүлік қорының басқарушы компаниясынан және оның аффилиирленген тұлғаларынан сатып алынбаған;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтеріне кіретін жылжымайтын мүлікке ауыртпалық салынбаған не ол сенімгерлік басқаруға өткізілген;<br>жалға беру шартымен белгіленген жылжымайтын мүлік қорының активтеріне кіретін жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру мерзімі бір жылдан кем еместі құрауы тиіс;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтерінің құрамына кіретін жылжымайтын мүлік объектілері оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу жөніндегі өтініш берілген күнге дейінгі екі жыл ішінде жалға беріледі |
| 5. | "Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы инвестициялық пай қорларының пайлары |
| 6. | Осы қосымшаның 1-тармағының реттік нөмірлері 9 және 10-жолдарында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, мына талаптарға сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар:<br>1) қор биржасы таныған рейтингтік агенттіктердің бағасы болуы;<br>2) борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы арыз берілген күнге дейінгі бір жылдан кем емес мерзімде жүзеге асырылған;<br>3) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті әзірлейді;<br>4) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасы танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүзеге асырады;<br>5) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қор биржасына соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік берілген;<br>6) алынып тасталды;<br>7) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>8) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуінде таза кірістің бар болуы;<br>9) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның – борыштық бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша, аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша соңғы жылдағы сату көлемі айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселі мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>10) борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару жүйесі бар болуы;<br>11) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және/немесе бағалы қағаздарды шығару проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы |

Зейнетақы активтерін инвестициялық
басқару жөніндегі қызметті жүзеге
асыратын ұйымдардың және
жинақтаушы зейнетақы қорларының
қызметін жүзеге асыру ережесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 N 105 қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады), 2012.05.25 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 24.12.2012 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

## Агрессивті инвестициялық портфельді құрайтын зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдарының тізбесі

| N | Қаржы құралының атауы |
|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды қоса алғанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілімен шығарылған бағалы қағаздар |
| 2. | Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген облигациялар |
| 3. | "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар |
| 3-1. | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар |
| 4. | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар |
| 5. | Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:<br>банктердің "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;<br>банктер "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-"-тен темен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса;<br>Қолданушылар назарына!<br>4-қосымшасының реттік нөмірі 5-жолының төртінші абзацы 2013.01.01 дейін қолданыста болады.<br>банктердің "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен "B"-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-дан "kzB+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса |
| | РҚАО-ның ескертпесі! |

| | |
|---|---|
| 5-1 | реттік жол 01.01.2014 дейін қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).<br>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банктік депозиттік сертификаттар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:<br>банктердің Standard & Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor’s ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;<br>банктер Standard & Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса;<br>банктердің Standard & Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "В+"-тен "В"-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor’s ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-дан "kzB+"-ке дейінгі рейтингілік бағасы бар болса; |
| 6. | "Standard & Poor's" агенттігінің "ВВВ-"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мына халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар:<br>Халықаралық қайта құру және даму банкі;<br>Еуропа қайта құру және даму банкі;<br>Америка аралық даму банкі;<br>Халықаралық есеп-айырысу банкі;<br>Азия даму банкі;<br>Африка даму банкі;<br>Халықаралық қаржы корпорациясы;<br>Ислам даму банкі;<br>Еуропа инвестициялық банкі;<br>Еуразиялық даму банкі |
| 7. | "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВВ-"-тен кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар |
| 8. | Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:<br>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВВ-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;<br>Шығарылымн эмитент мөлшері мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар шығарудың толық көлеміне сәйкес келетін Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВВ-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас ұйымның не "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "В-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы болғанда Қазақстан Республикасының резиденті бас ұйымның кепілдігімен жүзеге асыратын борыштық бағалы қағаздар<br>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "ВВВ-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары;<br>Қазақстан Республикасы резиденттерімен Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 22-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес танылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген " акциялар" секторының бірінші (барынша жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін шетел ұйымдарының акциялары |
| | |

| | |
|---|---|
| 9. | Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары:<br>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар эмитенттердің акциялары;<br>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының бірінші ( ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялар;<br>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының екінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялар;<br>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;<br>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген "рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар;<br>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген "рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;<br>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының пайлары;<br>бұрын шығарылған бағалы қағаздарға ауыстыру мақсатында эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау аясында шығарылған бағалы қағаздар не осы эмитенттің өзге де міндеттемелері. |
| 10. | Осы тармақтың реттік нөмірі 9-жолында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мына талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар:<br>1) қор биржасы таныған рейтингтік агенттіктердің бағасы бар болуы;<br>2) борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы арыз берілген күнге дейінгі екі жыл ішінде жүзеге асырылған;<br>3) борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес жасайды ;<br>4) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасы танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүзеге асырады;<br>5) қор биржасына аудиторлық есеппен расталған борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілген;<br>6) алынып тасталды<br>7) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>8) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза кірісі соңғы екі жылдың біреуінде аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>9) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның – борыштық бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша, аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша соңғы екі жылдың әрқайсындағы сату көлемі айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселі мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>10) борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару жүйесі бар болуы; |

| | |
|---|---|
| | 11) осы бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытта борыштық бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы;<br>12) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және/немесе бағалы қағаздарды шығару проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы |
| 11. | Осы тармақтың реттік нөмірлері 9 және 10-жолдарында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мына талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар:<br>1) қор биржасы таныған рейтингтік агенттіктердің бағасы бар болуы;<br>2) борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы арыз берілген күнге дейінгі бір жылдан кем емес мерзімде жүзеге асырылған;<br>3) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті әзірлейді;<br>4) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасы танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүзеге асырады;<br>5) борыштық бағалы қағаздар эмитенті қор биржасына соңғы аяқталған қаржы жыл үшін аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілікті берген;<br>6) алынып тасталды<br>7) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>8) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күнгі қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуінде бар болуы;<br>9) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның – борыштық бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша, аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша соңғы жылдағы сату көлемі айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселі мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;<br>10) борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару жүйесі бар болуы;<br>11) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және/немесе бағалы қағаздарды шығару проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы |
| 12. | "Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" "BBBf-" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы инвестициялық пай қорларының пайлары |
| 13. | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкәілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар не N 77 қаулыда көзделген " Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының талаптарына және мына талаптарға сәйкес келетін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, жылжымайтын мүлік қорларының акциялары:<br>шығарылған бағалы қағаздар және (немесе) басқа міндеттемелер бойынша жылжымайтын мүлік қоры міндеттемелерінің мөлшері жиынтығында жылжымайтын мүлік қорының меншікті капиталының он пайызынан аспайды;<br>жылжымайтын мүлік қорының инвестициялық кірістерінің жетпіс бес пайызынан аспайтынын жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған кіріс құрайды;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтерін құрайтын жылжымайтын мүлік қорының басқарушы компаниясынан және оның аффилиирленген тұлғаларынан сатып алынбаған;<br>жылжымайтын мүлік қорының активтеріне кіретін жылжымайтын мүлікке ауыртпалық салынбаған не ол сенімгерлік басқаруға өткізілген;<br>жалға беру шартымен белгіленген жылжымайтын мүлік қорының активтеріне кіретін жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру мерзімі бір жылдан кем еместі құрауы тиіс; |

| | |
|---|---|
| | жылжымайтын мүлік қорының активтерінің құрамына кіретін жылжымайтын мүлік объектілері оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу жөніндегі өтініш берілген күнге дейінгі екі жыл ішінде жалға беріледі |
| 14. | Лондондық қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондондық сапалы жеткізілім" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар және он екі айдан астам емес мерзіміне металл депозиттері, оның ішінде "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "АА"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі тазартылған қымбат металлдар |
| 15. | "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, мынадай талаптарға сәйкес келетін principal protected notes:<br>айналыс мерзімі үш жылдан аспайды;<br>principal protected notes шығару талаптарында қандайда бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайлары көзделмеген; |
| 16. | Базалық активтері осы қосымшада көрсетілген акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар |
| 17. | Базалық активтері зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары, шетел валютасы, мынадай есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер) болып табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар:<br>1. MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index)<br>2. DAX (Deutscher Aktienindex)<br>3. CAC 40 (Compagniedes Agentsde Change 40 Index)<br>4. NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index)<br>5. TOPIX (Tokyo Price Index)<br>6. HSI (Hang Seng Index)<br>7. ENXT 100 (Euronext 100)<br>8. RTSI (Russian Trade System Index)<br>9. DJIA (Dow Jones Industrial Average)<br>10. S&P 500 (Standardand & Poor's 500 Index)<br>11. FT-SE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index)<br>12. KASE (Kazahstan Stock Exchange)<br>13. MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) |

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы
N 189 қаулысына қосымша

## Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4486 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4773 тіркелген, Қазақстан Республикасының N 9 Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2008 жылғы 15 қыркүйекте жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2008 жылғы 26 мамырдағы N 80 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5252 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 116 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5328 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 17 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5571 тіркелген) .

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 27 ақпандағы N 27 қаулысы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5619 тіркелген)
.

7. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 76 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК